

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ- ТҮРІК  
УНИВЕРСИТЕТИ  
«БОТАНИКАЛЫҚ БАҚ» ФЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫНЫң  
РЕГЛАМЕНТІ**

**БІРІНШІ БӨЛІМ**

**Жалпы ережелер, колдану аясы, негізdemесі қысқартылған сөздер**

**Жалпы ережелер**

**1-бап.** (1) «Ботаникалық бақ» ғылыми-зерттеу институтының казак, түрік, ағылшын және орыс тілдеріндегі атауы жазылған мөрі, бұрыштама белгісі, казак, түрік, ағылшын және орыс тілдеріндегі атауы жазылған бланкісі болады.

(2) Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазак- түрік университеті мекемесінің «Ботаникалық бақ» ғылыми-зерттеу институты Қазакстан Республикасы, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б. Саттарханов даңғылы, №29 мекен-жайы бойынша орналасқан «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазак- түрік университеті» мекемесіне қарасты құрылым ретінде құрылған.

(3) Институттың атауы қазақ тілінде: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазак- түрік университеті «Ботаникалық бақ» ғылыми-зерттеу институты; түрік тілінде: Noşa Ahmet Yesevi Uluslararası Kazak-Türk Üniversitesi Botanik Bahçesi Araştırma Enstitüsü; ағылшын тілінде: Scientific Research Institute "Botanical Garden" of the International Kazakh-Turkish University named Khoja Ahmed Yasawi; орыс тілінде: Научно- исследовательский институт «Ботанический сад» Международного казахско-турецкого университета имени Ходжа Ахмеда Ясави ретінде белгіленді.

**Колдану аясы**

**2-бап.** (1) Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазак- түрік университеті «Ботаникалық бақ» ғылыми-зерттеу институтының мақсатын, органдарын, қызметтерінің тәртібі мен негіздерін қамтиды.

**Негіздемесі**

**3-бап.** (1) Осы регламент Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазак- түрік университеті Жарғысының 5 (е), 8 (с), 10 (а) және 15-балтарына негізделіп дайындалады.

**Қысқартылған сөздер**

**4-бап.** Колданылған қысқартылған сөздер төмендегідей:

- a) Институт: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазак- түрік университетінің «Ботаникалық бақ» ғылыми-зерттеу институты;
- b) Институт директоры: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазак- түрік университеті «Ботаникалық бақ» ғылыми-зерттеу институтының директоры;
- c) Ректор: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазак- түрік университетінің ректоры;
- d) Ректор өкілі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазак- түрік университетінің ректорының бірінші орынбасары;
- e) Университет: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазак- түрік университеті;

**ЕКІНШІ БӨЛІМ**

**Институттың мақсаттары мен қызметтері**



## **Институттың мақсаттары**

**5-бап.** (1) Институттың негізгі мақсаты – Қазақстанның оңтүстік өнірі мен Орта Азия жағдайында, іргелі және қолданбалы ботаника мен биотехнологияның өзекті мәселелерін шешу үшін халықаралық, республиканық, аймақтық және университеттік ғылыми бағыттар бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, ғылымды коммерциализациялау және сирек, жойылуға жақын өсімдіктерді жерсіндіру (интродукциялау) мен олардың генофондын сақтау болып табылады.

## **Институттың қызметтері**

**6-бап.** (1) Институттың қызметтері төмендегідей:

a) Ғылыми жобаларды өзірлеу, іргелі және ботаникалық зерттеулер мен жеміс және сәндік ағаштарды жерсіндіру бағыттарындағы республиканық және халықаралық жобалар бойынша жарияланған гранттық, келісім-шарттық және басқа да конкурстарға қатысу;

b) Қазақстанның қуандыштық жағдайында сирек, жойылуға жақын өсімдіктерді жерсіндіру, сақтау және оларды көбейтудің биотехнологиялық әдістерін зерттеудің ғылыми негізін жасау;

c) Республиканың алдыңғы қатарлы ғылыми мекемелері және шетел ғылыми орталықтарымен бірлесе отыра зерттеу жұмыстарын орындауды жоспарлау;

d) Ауыл шаруашылығы мен биология саласына қажетті тәжірибелі жұмыскерлер мен ғылыми қызметкерлерді қайта даярлықтан еткізу мақсатында ғылыми-өндірістік конференцияларды, семинарларды, дөңгелек столдарды ұйымдастыру;

e) Оңтүстік Қазақстанда бау-бакшаны өсіруді қайта жандандыру үшін жеміс-жидек дақылдарының көштептік материалдарын микроклональді жолмен көбейтудің әдістерін зерттеудің және елді мекендерін көгалдандырудың ғылыми негізін жасау;

f) Қазақстан Республикасының азық-түлік және экологиялық қауіпсіздік, мемлекеттік экологиялық саясатын қалыптастыру мен жүзеге асыру проблемаларын және айналадағы ортасын қорғау міндеттерін іс жүзінде шешуге халықаралық ұйымдар мен шет мемлекеттерді тарту жолдарын зерттеуді ұйымдастыру

g) Түркі тілдес мемлекеттер мен қауымдастырудың мүше болған аймақтық және халықаралық құрылымдармен бірге ынтымақтастық негізінде жобалар дайындау;

h) Журнал және кітаптар басып, деректі фильм және цифрлық мәліметтерді дайындау;

## **УШИНШІ БӨЛІМ**

### **Институттың құрлымдары мен қызметтері**

#### **Институттың құрлымдары**

**7-бап.** (1) Институт өзіне жүктелген міндеттерді орындау мақсатында өзінің құрылымдық бөлігі ретінде зертханалар, секторлар, уақытша шығармашылық ұжымдар мен ғылыми-техникалық Кеңес ұйымдастырылады.


(2) Институттың негізгі құрылымдық бөлігі ретінде агробиостанция, зертханалар мен тұқымдық, коллекциялық және тәжірибе шаруашылығы немесе басқа да құрылымдық секторлар ұйымдастырылады.

(3) Институт төмендегі атқарушы органдан тұрады:

- a) Институт директоры
- b) Жұмысшы Топтары

#### **Институт директоры**

**8-бап.** Университет ректоры мен ректор өкілінің шешімімен төрт жылға тағайындалады. Жұмыс мерзімі аяқталған институт директоры, қайтадан қызметке тағайындалу құқығына ие. Институтқа дәл осындай тәртіпке сәйкес директордың өндірістік жұмыстар жөніндегі орынбасары тағайындалады. Институт директоры жұмыс орнында болмаған кездері, оның қызметін директор орынбасары атқарады.



## **Институт директорының қызметтері**

**9-бап.** (1) Институт директорының қызметтері төмендегідей:

- a) Жылдық және үш жылдық даму стратегиялық жоспарын, институттың жұмыс жоспарын және жұмыс есебін дайындауда, университеттің Басқару Кеңесіне ұсыну;
- b) Институттың атынан өкіл ету, академиялық қызметтері мен басқару жұмыстарын жүргізу;
- c) Отандық және халықаралық ғылыми құрылымдар мен зерттеу және практикалық орталықтармен ынтымақтастық қатынастарын орнату арқылы институттың мақсатына сай жобаларды дайындауды қамтамасыз ету;
- d) Жариялануға ұсынылған зерттеулер мен ізденистерді университеттің Ғылым комитетіне ұсыну;

## **Жұмысшы топтары**

**10-бап.** (1) Институттың зерттеу жоба мен оқыту т.б. жұмыстарын іске асыру мақсатында жұмысшы топтары құралады. Құрылған топтар, белгіленген мақсаттарға сәйкес топ мүшелері арасынан сайланған Төрағаның жауапкершілігі шеңберінде тұрақты немесе белгілі бір мерзім көлемінде қызметтерін атқарады.

(2) Жұмысшы топтары институт директоры алдында жауапты. Әр жылдың аяғында Институт директорына атқаған қызметтері туралы жазбаша түрде мағұлмат береді.

(3) Институт директорының ұсынысымен қызмет мерзімі аяқталған немесе қажеттілігі қалмаған жұмысшы топтарының қызметтері тоқтатыла алады.

## **Институт қызметкерлері**

**11-бап.** (1) Институттың штат кестесі мен құрылымын Институт директоры университеттің белгілеген штаттық кесте шеңберде анықтайды Институт қызметкерлері 1 директор, 1 директор орынбасары, 1 жетекші ғылыми қызметкер, 2 аға ғылыми қызметкер, 1 ғылыми қызметкер, 1 кіші ғылыми қызметкер, 2 докторант (Phd), 2 магистрант, 2 аға лаборант, 1 лаборант, шаруашылық мамандары мен жұмысшылардан және қажет болған жағдайда шәкіртқы төленетін зерттеушілерден тұрады.

## **ТӨРТІНШІ БӨЛІМ**

### **Соны және басқа да ережелер**

#### **Қаржылық ережелер**

**12-бап.** (1) Институт бюджеті университет бюджетінен бөлінген қаржы мен зан шеңберіндегі қаржы көздері мен қайрымдылық көмектен құралады.

(2) Институттың жылдық бюджеті университет Басқару Кеңесінің ұсынысы бойынша ректорат тарарапынан бекітіледі.

#### **Өзге де регламенттер**

**13-бап.** (1) Осы регламентте қарастырылмаған мәселелер бойынша университет ережелері негізге алынады.

#### **Күшіне енү**

**14-бап.** (1) Бұл регламент институттың тіркеу жұмыстары аяқталғаннан кейін өз күшіне енеді.

#### **Жүзеге асыру**

**15-бап.** Бұл регламентті университет ректоры және ректор өкілі жүзеге асырады.

Регламент қабылданған Өкілетті Кеңес мәжілісінің		
Күні: 24.02.2024	Мәжіліс № 76	Шешім № 16.5

6

